



Кожаметова Д.О. Сызықты автоматты реттеу жүйе теориясы: оқу құралы / Д.Кожаметова. – Алматы: «Алем book» баспасы, 2024. -132 бет. ISBN 978-601-7860-60-8

Оқу құралы сызықты автоматты басқару пәні бойынша дәрістер курсына сәйкес келеді. Сызықты автоматты басқару жүйелері теориясындағы негізгі ұғымдары мен анықтамаларынан, автоматты басқару жүйе топтарының негізгі сипаттамаларынан, ашық және тұйық жүйенің беріліс функциялары мен жиіліктік сипаттамалары туралы мәліметтер берілген. Түрлі сыртқы әсер кезіндегі автоматты жүйе орнықтылығы, орнықтылық критерийлары, өтпелі процесс сапасын бағалау және түзетуші құрылғы синтезінің түбірлік тәсілдері берілген.

Оқу құралында білім алушылардың пән бағдарламасын игеруіне қажетті теориялық мәліметтер мен кәсіби бағытталған оқу мәтіндері, тәжірибелік сабақтар мен жеке, топтық жұмыстар арқылы орындалатын тапсырмалар кешені берілген.




Смагулова Л.А. C# тілінің негіздері: Оқу құралы./ Л.А. Смагулова – Алматы: «Отан» баспасы, 2025. – 266 бет. ISBN 973-601-216-633-0

Бұл оқу құралының міндеті заманауи программалау тілдерінің бірі – C# тілінің негіздерін қысқаша түрде түсінікті баяндау болып табылады.


Оқу құралында C# тілінің ерекшеліктері, тілдің конструкциясы, программа жазу барысында қолданылатын негізгі мәліметтер құрылымы, кітапхана кластары, программалау технологиясы бойынша ұсыныстар, сонымен қатар Microsoft Visual Studio, NET құралдарын қолдана отырып C# бағдарламалау тілінде қосымшалар құруға арналған визуалды жобалау тәсілдері қарастырылады.

Негізгі тақырыптар бойынша мысалдар қарастырылып, практикалық жұмыстарға арналған тапсырмалар келтірілген. Әр тараудан кейін бақылау сұрақтары мен тапсырмалар берілген.

Оқу құралы жаратылыстану, техникалық және педагогикалық профильдегі жоғары оқу орны студенттеріне, магистранттарына, сол сияқты тілді өз бетінше меңгерем деушілерге арналады.

	<p>Елепбергенова А.У., Канапьянова З.Н. Java тіліне кіріспе: оқу құралы / Елепбергенова А.У., Канапьянова З.Н. – Алматы: «Отан» баспасы, 2025. – 116 б. ISBN 978-601-216-859-4</p> <p>Бұл Java бағдарламалау тілін үйренуге арналған тамаша және тиімді оқу құралы. Бір жағынан, Java бағдарламалау тілін өз бетінше оқытындар үшін оқу құралы ретінде ойластырылған, ал екінші жағынан, оны практикалық жаттығулары бар лекциялық курс ретінде қабылдауға болады. Оқу құралында материалдар дәйекті түрде ұсынылған және көптеген мысалдармен, әртүрлі практикалық есептермен және олардың шешімдерінің егжей-тегжейлі талдауымен сүйемелденеді.</p> <p>Оқу құралы жоғары оқу орындарының информатика, ақпараттық жүйелер мамандықтары-ның студенттеріне, магистранттарына, сол сияқты оқытушылар мен мектеп мұғалімдеріне арналады.</p>
	<p>А. Алдабергенова, А. Сергазинова Flash анимацияларды жасау пәнінен лабораториялық практикум. / А. Алдабергенова, А. Сергазинова – Алматы: «Отан» баспасы, 2025.- 94 б. ISBN 978-601-216-903-4</p> <p>Ұсынылып отырған оқу-әдістемелік құрал Flash анимацияларды жасап үйренгісі келетін студенттер мен магистранттарға, орта мектептің және жоғары оқу орындарының информатика пәнінің мұғалімдері мен оқытушыларына, графикалық дизайнмен айналысушыларға арналады.</p>


 <p>А.У. ЕЛЕПБЕРГЕНОВА Г.А. МУРСАКИМОВА А.А. ШАЛТАБАЕВ</p> <h1>ANDROID ҚОСЫМШАЛАР ҚҰРУ</h1>	<p>А.У.Елепбергенова, Г.А.Мурсакимова, А.А. Шалтабаев Android қосымшалар құру: оқу-әдістемелік құрал. / А.У.Елепбергенова, Г.А.Мурсакимова, А.А. Шалтабаев – Алматы: «Отан» баспасы, 2025. – 142 б. ISBN 978-601-216-662-0</p>
	<p>Ұсынылып отырған оқу-әдістемелік құралда Android Studio ортасымен алғашқы жұмыстан бастап, ондағы құралдармен жұмыс жасап үйренуге арналған көрнекі түрде көрсетілген теориялық материалдар мен тапсырмалар ұсынылған. Сондай-ақ, оқу-әдістемелік құралда Android Studio-ның программалау мүмкіндіктерін де үйретуге арналған материалдар рет-ретімен баяндалған, сонымен қатар білімді тексеруге арналған тест сұрақтары берілген. Оқу-әдістемелік құрал жоғары оқу орындарының информатика, ақпараттық жүйелер мамандықтарының студенттеріне, магистрант-тарына, сол сияқты оқытушылар мен мектеп мұғалімдеріне арналады.</p>

 <p>Ə.Y. НҰРЫМБЕТОВ</p> <h1>САНДЫҚ ӘДІСТЕР</h1>	<p>Ə.Y. Нұрымбетов. Сандық әдістер / оқу құралы – Алматы: «Отан» баспасы, 2025. – 96 б. ISBN 978-601-7796-22-8</p>
	<p>Оқу құралы білімгерлердің «Информатика», «Сандық әдістер», «Алгоритмдік тілдер және программалау» пәні бойынша білім алуы үшін дайындалған.</p>



Тоқбергенов Ж.Б. Жоғары математиканың қысқаша курсы техникалық және технологиялық мамандықтарының студенттеріне арналған оқулық / Алматы: «Отан» баспасы, 2025. – 376 б. ISBN 978-601-7796-81-5

Оқулықта нақты сандар жиыны және комплекс сандар, сызықты алгебра, аналитикалық геометрия, талдамға кіріспе, көп айнымалы функциялар, анықталмаған және анықталған интегралдар, қисық сызықты интегралдар, дифференциалдық теңдеулер, сандық, функциялық қатарлар және Фурье қатары, ықтималдықтар теориясы қарастырылған.




Қасқатаева Б.Р. Математиканы оқытудың әдістемесі мен технологиясы / Оқу құралы. – Алматы: «Отан» баспасы, 2025. – 304 б. ISBN 978-601-7860-03-5

Оқу құралында математика мұғалімдерін кәсіби дайындаудың негізгі сұрақтары: оқушыларды нақты білімдермен, практикалық дағдылармен қаруландыратын және олардың ой-өрісін дамытатын, математиканы оқытудың түрлері, әдістері және жаңа технологиялары келтірілген. Оқу құралы педагогикалық институттың физика-математика факультетінің студенттеріне және мектеп мұғалімдеріне арналған.

	<p>Ә.У. Нұрымбетов. Алгебра және сандар теориясы мен есептер жинағы. Оқулық. – Алматы: «Отан» баспасы, 2025. – 204 б. ISBN 978-601-267-148-3</p> <p>Бұл оқу құралында «Алгебра және сандар теориясының» негізгі бөліктері: «Жиындар теориясының элементтері», «Негізгі сандық жүйелер», «Алгебралық операциялар анықталған жиын», «Группалар», «Сақина», «Вектралық кеңістіктер», «Сызықтық тендеулер жүйесі», «Матрицалар және анықтауыштар», «Бүтін сандар сақинасындағы бөлінгіштік теориясы», тұтастық обылысындағы бір және көп айнымалы көпмүшеліктер қарастырылады. Көпмүшеліктердің рационал түбірлерін, үшінші және төртінші дәрежелі тендеулердің шешу жолдарын табу оқытылады.</p> <p>Оқулық университеттер мен педагогикалық институттар білімгерлеріне арналған.</p>
--	--

	<p>Жалпы физиканың практикалық курсы: үш томдық оқу құралы. Электр және магнетизм. 2-том / Н. Қойшыбаев, Б. Досаева, С. Кемелжанова, Г. Нұрбақыт. – Алматы: «Қазақ университеті», 2023. – 284 б. ISBN 978-601-04-1358-0</p> <p>Бұл оқу құралы физика саласы бойынша электр және магнетизм бөлімін қарастырады. Әр тақырып бойынша 300-дей есептер шығару жолдарымен көрсетілген.</p> <p>Студенттерге арналған бұл оқу құралы жоғары оқу орындарында физика саласында мамандар дайындауда зор ықпалын тигізеді және есептер шығару барысында осы сала бойынша көмек көрсетеді.</p>
--	--



Атом және ядро физикасынан виртуалды лабораториялық жұмыстар: оқу құралы / К.А. Дергобузов, К.Б. Жұманов, М.И. Пшиков, Г.Н. Шынықұлова. – Алматы: «Қазақ университеті», 2023.- 119 б.
ISBN 978-601-04-5574-0

Оқу құралында атом және ядролық физика бөлімі бойынша 17 виртуалды лабораториялық жұмыс берілген. Виртуалды лабораториялық жұмыстар жұмыстың мақсатынан және теорияның қысқаша мазмұнынан, тәжірибенің барысы, жүргізу әдістемесінен, қажетті тапсырмалар тізімі бар виртуалды экспериментті өткізу әдістемесінің сипаттамасынан, бақылау сұрақтарынан тұрады.

Ұсынылып отырған зертханалық жұмыстар физикалық және техникалық мамандықтардың жоғары оқу орындарының студенттері мен оқытушыларына оқу-әдістемелік құрал ретінде қолдануға арналған.



Досболаев М.Қ. Электр және магнетизм: физикалық практикум. – Алматы: «Қазақ университеті», 2023. – 138 б.
ISBN 978-601-04-0894-4

Физикалық практикум жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған және электрмагниттік құбылыстардың таңдамалы тақырыптар бойынша 11 зертханалық жұмысты эксперименттік орындауға нұсқау ретінде жазылған. Әрбір жұмыс мәтіні қарапайым жатық тілде түсіндіріліп, физикалық құбылыстар көркем суреттермен кескінделген, бұл өз кезегінде студентке тақырыпты терең игеріп оның санасында берік қалыптасуына үлкен көмегін тигізеді.



Манатбаев Р.Қ. Механика және молекулалық физика курсы бойынша есептер жинағы / Р.Қ. Манатбаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 104 б. ISBN 978-601-04-1360-3

«Механика және молекулалық физика» курсы бойынша есептер жинағы «5B060400-Физика», «5B060500-Ядролық физика», «5B061100-Астрономия», «5B071000-Материалтану және жаңа материалдар технологиясы», «5B071700-Жылу энергетикасы», «5B071800-Электр энергетикасы», «5B071900-Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар», «5B072300-Техникалық физика», «5B073200-Стандарттау, сертификаттау және метрология (сала бойынша)» мамандықтарында оқытылатын жалпы физика курсының «Механика» және «Молекулалық физика» курсының типтік оқу бағдарламасы негізінде жасалған.

Механика және молекулалық физиканың негізгі тақырыптарына қысқаша шолу жасалынып, есептер жиынтығы келтірілген.



Құмарғалиева С.Ш. Коллоидтық химия (Беттік құбылыстар және дисперсті жүйелер): оқу құралы. – Өнд., толық. 2-бас./ С.Ш. Құмарғалиева. – Алматы: Қазақ университеті, 2023.- 260 б. ISBN 978-601-04-3563-6

Оқу құралында беттік және капиллярлық құбылыстар, фазаларды бөлу беттерінің термодинамикасы, беттік-активті заттардың адсорбциясы, мицеллалық жүйелер, электрбеттік құбылыстар, дисперсті жүйелердің тұрақтылығы, молекулалық-кинетикалық, оптикалық қасиеттері, физика-химиялық механикасы және коллоидтық химияның негізгі үдерістері: коагуляция, коалесценция, седиментация, коллоидтық құрылымдардың түзілуі қарастырылады.

Оқу құралы химиялық, техникалық, биологиялық, медициналық мамандықтарының студенттері мен оқытушыларына арналған.



Шолақтегі Ә. Жалпы химиядан есептер шығару үлгілері және есептер жинағы: оқу құралы – Алматы: «Отан» баспасы, 2024.- 116 б.
ISBN 9965-668-62-0

Оқу құралында бейорганикалық химиядан есептер шығару үлгілері, есептер жинағы ЭЕМ-да оқып-үйрену бағдарламасы және тест сұрақтары берілген.

Оқу құралы жоғарғы оқу орнында оқитын білімгерлер мен талапкерлерге арналған.



Физикалық геодезия: оқу құралы / Х.М. Касымканова, Г.К. Джангулова, Г.К. Байдаулетова, Д.Ж. Бастаубаева, М.Н. Омиралин. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 198 б.
ISBN 978-601-04-1287-3

«Физикалық геодезия» пәнін оқытудың негізгі мақсаты болашақ мамандарға жоғарғы геодезиядан теориялық және тәжірибелік негіздерін, оның ішінде ең маңыздысы Жердің физикалық бетінің пішіні мен гравитациялық өрісін жер бетінде және кеңістікте анықтау саласындағы білімін қалыптастыру болып табылады.

Оқу құралында Жер фигурасының өлшемдерін, сыртқы гравитациялық өрісін анықтаудың заманауи принциптері көрсетілген. Стокс теориясындағы тынышсыздық потенциалы және аномальды гравитация өрісінің элементтерін шешу әдістемесінің қағидалары қарастырылған.

«Физикалық геодезия» геодезия саласының болашақ мамандары үшін осы күнгі шешуін таппай отырған жағдайларын айқындаушы ғылыми шешімдерді қарастыруға арналған.



Турапова Р.О. Картография негіздері: оқу-әдістемелік құралы / Р.О. Турапова. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 118 б. ISBN 978-601-04-3242-0

Ұсынылып отырған «Картография негіздері» атты оқу-әдістемелік құралда теориялық және практикалық жұмыстар, тест сұрақтары, бақылау сұрақтары қарастырылады және көптеген картографиялық суреттер берілген. Осы әдістемелік құрал студенттерге әртүрлі тәсілдер арқылы картамен жұмыс істеп үйренуге көмектеседі. Бұл құрал жоғарғы оқу орнындағы география факультетінде оқитын студенттерге, осы салада жұмыс істейтін мамандарға арналады.



Мұқанова Г.А. Топырақтану: оқу құралы / Г.А. Мұқанова. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 281 б. ISBN 978-601-04-4770-7

Оқу құралында топырақтану ғылымының даму тарихы, топырақ түзілудің жалпы сызбасы баяндалған. Топырақтың құрамы мен қасиеті, генезисі және оның жіктелуі мен әлемдегі географиялық таралуы жайлы мәліметтер, ауылшаруашылығындағы топырақты пайдалану сипаты келтірілген. Қазақстан топырақтарының кейбір аймақтары бойынша экологиялық жағдайы сипатталған, топырақ ресурсын тиімді пайдалану, топырақтың экологиялық ахуалын оңтайландыру жайлы болжамдар айтылған.

Оқу құралы «Экология», «Геоэкология», «Қоршаған ортаны қорғау» салаларындағы студенттерге, экологиялық және табиғатты ұтымды пайдалану мәселелерімен шұғылданатын мамандарға, оқытушыларға арналған.



Молдахметов М.М. Өзендер гидрометриясы: гидрометриялық өлшеу әдістері мен құралдары: оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 168 б. ISBN 978-601-04-0127-3

Оқу құралында су нысандарында гидрометриялық бақылау желісін ұйымдастыру қағидалары, гидрометриялық бақылау және өлшеу жұмыстарын жүргізу әдістері мен құралдары жан-жақты қарастырылған.

«Гидрология» және «Метеорология» және басқа да су ресурстары мамандықтары бойынша оқитын студенттерге арналған, сондай-ақ гидрометеорологиялық қызметте және басқа да мекемелерде гидрометриялық жұмыстарды орындайтын мамандарға арналған.



Шушарина Л.М. Ауа райын болжаудың арнайы әдістері: лабораториялық практикум / Л.М. Шушарина, Г.О. Оракова, А.Н. Мұнайтпасова. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 99 б. ISBN 978-601-04-1579-9

Практикум «Ауа райын болжаудың арнайы әдістері» курсының бағдарламасына сәйкес дайындалған, 10 лабораториялық жұмыстан тұрады. Студенттерге Қазақстан территориясы бойынша 12, 24 және 36 сағатқа әр түрлі метеошамалар мен құбылыстардың болжамын құрастыруда дағдылануды үйретуге байланысты сұрақтарға барынша назар аударылған. Әр лабораториялық жұмыс теория бойынша қысқаша мағлұматтардан тұрады, жұмыстың мақсаты мен оны орындаудың әдістемелік нұсқаулары берілген.

Лабораториялық практикум гидрометеорологиялық институттардың, университеттердің студенттеріне және де инженер-метеорологтарға ұсынылады.



Сарсенбаев М.С. Су ресурстары: мәселелері, бағалау және басқару: оқу құралы / М.С. Сарсенбаев, Ж.А. Жанабаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 94 б. ISBN 978-601-04-1879-0

Ел экономикасының қазіргі заманғы дамуында табиғатты ұтымды пайдалану, атап айтқанда, өзен ағындысы мәселелері ерекше мәнге ие болуда. Оқу құралында су ресурстарын реттеу мен басқару саласында негізгі мәліметтер баяндалған. Қоршаған орта және оның мәселелері, су ресурстары мен олардың қамтамасыз етілуі, қайта қалпына келтіру, өзен алаптарында антропогендік факторларды, сонымен қатар өзен ағындысының өзгеруіне жеке шаруашылық іс-шараның ықпалын бағалау, су ресурстарын басқарудың мақсаты мен міндеттері қарастырылады.

Бұл еңбек су ресурстарын кешенді пайдалану мәселелері және су шаруашылық іс-шараларды жобалаумен жұмыс істейтін, мамандарға арналған.



Ақашева Ә.С., Дүйсебаева К.Ж. Географияны оқыту әдістемесі: оқу-әдістемелік құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 175 б. ISBN 978-601-04-0035-1

Оқу құралында география ғылымдарының дамуы мен қалыптасуы, Қазақстандағы географияны оқыту әдістемесінің қазіргі таңдағы деңгейі, география курсының білім тұжырымдамасы мен стандарты, география пәнін оқытудағы жаңа технологиялық, инновациялық әдістер, сыныптан тыс, сонымен бірге өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру туралы да жазылған. Оқу құралы жоғары оқу орнының студенттеріне арналған.



Құсайынов С.А. Неотектоника және жер бедері: оқу құралы / С.А. Құсайынов, Д.М. Боранқұлова, Р.Т. Бексейітова; ғыл.ред. Н.С. Сейітов. – Өнд., толықт. 2-бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 400 б. ISBN 978-601-04-1422-8

Өңделіп толықтырылған оқу құралы неотектоника туралы жалпы түсінік, неотектоникалық қозғалыстардың түрлері, жіктемесі, зерттеу әдістері, олардың табиғаты және ерекшеліктері қарастырылған. Неотектоникалық карталарды құрастыру әдістері және Қазақстан аумағындағы неотектоникалық қозғалыстардың қысқаша сипаттамасы берілген. Қазіргі тектоникалық қозғалыстарға байланысты бүгінгі таңда жиі болып жатқан жер сілкіну құбылыстары, олардың географиялық таралу заңдылықтары сипатталған. Неотектоникалық мәліметтердің практикалық мәселелерде қолданылуы және литосфералық тақталар тектоникасы (Жаңа жаһандық тектоникасы) туралы қысқаша мәліметтер, неотектоника және геоморфологияға қатысты жаңа қолданыста пайдаланылған аталымдардың орысша-қазақша сөзтізбесі кітаптың соңында берілген.

Еңбек жоғары оқу орындарында оқып жүрген студенттерге, оқытушыларға және ғылыми қызметкерлерге арналған.



Бактыбаева Л.Қ., Төлеуханов С.Т. Иммунология бойынша зертханалық практикум: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 64 б. ISBN 978-601-04-0315-4

Ұсынылып отырған оқу құралы «5В060700-Биология, 5В011300-Биология, 6М050600-Биология, 6М011300-Биология, 6Д060700-Биология» маман-дықтарында қазақ бөлімінде оқитын студенттерге, магистранттарға, PhD докторанттарға «ІМР5309 Иммунитет механизмінің реттелуі», «КМІ6305 Клеткалық және молекулалық иммунология», «ІММРН5309 Иммунофизиология» және «МІ7302 Молекулярлық иммунология» - элективті курстар бойынша зертханалық сабақтар өткізу жөнінде жазылған кітап. Оқу құралы студенттерді иммундық жүйенің және оның негізін құрайтын иммунокомпетентті клеткалардың құрылысы, құрамы және қызметтерімен; иммунды жауап жайында дербес және қолдану иммунологияның негіздерімен; негізгі иммундық типтік және патологиялық реакциялармен таныстырады

	және студенттердің алған теориялық білімдерін ғылыми-тәжірибелік қызметтерінде қолдануға үйретеді.
	<p>Шулембаева К.К. Генетика: оқу құралы / К.К. Шулембаева, Ж.Ж. Чунетова, А.А. Токубаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 268 б. ISBN 978-601-04-4161-3</p> <p>Кітапта генетика ғылымының негізгі мәселелері: тұқым қуалаушылықтың материалдық және цитологиялық негіздері, Г. Мендель заңдары, Т. Морганның хромосомдық теориясы, эволюция мен селекцияның генетикалық негіздері, адам генетикасы мен медициналық генетика т.б. жүйелі түрде талданған.</p> <p>Оқу құралы жоғарғы оқу орындарының студенттері мен магистранттарына арналған.</p>
	<p>Дәуренбекова Ш.Ж. Әлемнің флорасы мен фаунасы. Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: «Отан» баспасы, 2024.- 368 б. ISBN 978-601-216-305-6</p> <p>«Әлемнің флорасы мен фаунасы» - оқу-әдістемелік құралынан білім алушылар биосфера және экожүйе құрылысы мен қызметтерінің негізгі ұстанымдары, Жер жүзінің аймақтық биогеографиялық бөлінуі, биогеографиялық облыстарға сипаттама, табиғат ресурстарының көптүрлілігі мен түрлер бірлестігін қорғау жайлы түсінік алады. Географиялық, экологиялық, биологиялық және т.б. өзге де сабақтас пәндерді неғұрлым терең де табысты игеруге бірден-бір негіз болуға тиіс.</p> <p>«Әлемнің флорасы мен фаунасы» оқу-әдістемелік құралы биология, география, экология, туризм мамандығының студенттеріне, магистранттарға, мектеп оқытушылары мен оқушыларға, жалпы білімін көтеруші көпшілік қауымға арналған.</p>



Нұртаев С.Т., Севвелодов Э.Б., Есжанов Б.

Жеке жаму биологиясы: оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2023.- 280 б.
ISBN 9965-29-631-6

Оқулықта әртүрлі топтағы жануарлардың классикалық және қазіргі кездегі жеке даму биологиясының негізгі мәселелері: жыныс клеткаларының пайда болуы, ұрықтану, эмбриогенез, постнатальды даму кезеңі, цитодифференцировка, морфогенездің механизмдері және клондау қарастырылған.

Оқулық ЖОО-ның биологиялық, медициналық және ауылшаруашылық мамандықтарының студенттеріне арналған.



Торманов Н., Абылайханова Н.Т.

Биологияны оқытудың инновациялық әдістері. Оқу құралы. – Алматы: казак университеті, 2023.- 260 б.
ISBN 978-601-04-0177-8

Оқу құралында оқу-тәрбие жұмыстарының заманауи инновациялық әдістемелері, болашақ педагог-мұғалімдерді дайындау барысында биологиядан сабақ берудің теориялық және практикалық әдістемелері баяндалған. Сонымен қатар оқытудың жаңа технологиялары: кейс-стади, кіріктіріп оқыту мен дамыту жолдары, модульдік білім беру, проблемалық жағдай туындатып оқыту, пән мұғалімінің құзыры, әлеуеті мен кәсіби біліктілігінің жоғары деңгейде болуы қарастырылған.




Абылайханова Н.Т. Электрофизиология: оқу құралы / Н.Т. Абылайханова. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 228 б. ISBN 978-601-04-1480-8

Оқу құралы негізгі он екі тараудан тұрады. Оқу құралында адам және жануарлар терісінің құрылысы, атқаратын қызметтеріне сипаттама беріліп, ағзаның қалыпты қызмет атқаруындағы олардың ролі мен маңызы көрсетілген. Сондай-ақ терінің бірқатар морфологиялық, электрофизиоло-гиялық және биофизикалық ерекшеліктеріне баса назар аударылған. Тері сезімталдығы мен ондағы су және минералдардың, дәрумендердің қызметіне тоқталған. Тері гигиенасы мен тері ауруларына сипаттама бере отырып, олардың ерекшеліктері баяндалған.

Сондықтан да Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің биология және биотехнология факультетінде «5B060700-Биология», «6M060700-Биология», «6M011300-Биология» педагогикалық мамандықтары бойынша оқитын студенттерге «Электрофизиология», «Адам және жануарлар физиологиясы», «Қалыпты физиология», «Иммунология», «Хронофизиология», «Биофизика» пәндеріне қосымша дәріс ретінде және элективті пән ретінде оқылады және практика сабағы жүргізіледі.


Оқу құралы жоғары оқу орындарындағы биология мамандығының ұстаздарына, магистранттар мен докторанттарына, студенттеріне арналған.



Досжанов Е.О. Бионанотехнология: оқу құралы / Е.О. Досжанов. – Алматы: Дарын, 2022.- 132 б.
ISBN 978-601-80925-2-7

Берілген оқу құралында биологиялық прототиптерді қолдана отырып, құрылымдар мен функционалдық кешендердің атом-молекулалық деңгейде пайда болу механизмдерін қарастырған, наноматериалдардың қоршаған ортамен әрекеттесуінен пайда болатын, токсикология мен экотоксикология саласында наноматериалдардың тірі ағзалармен әрекеттесуін зерттеген ықтимал және нақты экологиялық тәуекелділік сияқты негізгі мәселелері бойынша материалдарды қамтиды.

Оқу құралы Қазақстанның жоғарғы оқу орнының жаратылыстану бағыты факультеттерінде «наноматериалдар және нанотехнологиялар» мамандығы бойынша оқитын магистранттар мен Ph.D докторанттарына классикалық жоғарғы оқу орнына сай білім беруіне арналған.



Жұмабаева Б.Ә. Биотехнология негіздері: жануарлар биотехнологиясы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2023.- 184 б.
ISBN 978-601-04-0579-0

Оқу құралы ҚазҰУ-дің биология және биотехнология факультетінде автор оқитын дәрістер материалдарының негізінде жазылған. Онда жануарлар және молекулалық биотехнология салалары қамтылған. Жануарлар биотехнологиясының әдістері мен мәселелері және гендік инженерия сұрақтары мен молекулалық диагностика тәсілі қарастырылған. Рекомбинатты белоктар синтезі келтірілген.

Оқу құралы биотехнология, биология саласы бойынша білім алатын студенттерге магистранттарға арналған.



Яр-Мухамедова Г.Ш. Нанотехнология негіздері: оқу құралы / Яр-Мухамедова Г.Ш., Исмаилова Г.А. – Алматы: Қазақ университеті, 2023.- 126 б. ISBN 978-601-04-1638-3

Оқу құралында нанотехнология саласының негізгі бөлімдері бойынша қысқаша теориялық материал жинақталып және сол бөлімге қатысты бақылау сұрақтары келтірілген. Нанотехнология мен наноматериалдар туралы негізгі зерттеулердің нәтижелері келтірілген. Наноматериалдардың физика-химиялық ерекшеліктері мен диагностика, ықшам наноматериалдарды алудың әдістері олардың қолдану аймағы соның ішінде машина жасауда, атомдық энергетикада, нанoeлектроникада қолдануы қарастырылған. Наноматериалдардың топтамасы, оларды қолдану ерекшеліктері де келтірілген.

Оқу құралы жоғары оқу орындары, техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарының физика-техникалық бағытындағы мамандықтарының студенттері, пән оқытушылары мен материалтану саласына қызығушылығы бар қалың қауымға арналған.

Оқу құралы физика және физика-техника мамандықтары бар жоғары оқу орындарында пайдалануға болады.



Қанаев Ә.Т., Қанаева З.Қ. Пайдалы өсімдіктер және оларды дайындау биотехнологиясы: анықтамалық / Ә.Т. Қанаев, З.Қ. Қанаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2023.- 260 б. ISBN 978-60-04-1486-0

Анықтамалықта дәрілік өсімдіктер туралы мәліметтер беріліп, оларды жинау, дайындау және халық медицинасында емдеу мен алдын алу шаралары ретінде пайдалану тәсілдері қарастырылған.


Анықтамалық жоғары оқу орындарының студенттері, магистранттары, докторанттарына және осы бағытта жұмыс атқаратын мамандарға арналған.



Абдиева Г.Ж. Медициналық микробиология: оқу құралы / Г.Ж. Абдиева. – Алматы: Қазақ университеті, 2023.- 170 б. ISBN 978-601-04-1985-8

Оқу құралында микроорганизмдердің негізгі ерекшеліктері, оның табиғат және адам өміріндегі маңызы, инфекция және инфекциялық процесс, патогенділік және вируленттілік факторлары, инфекциялық аурулардың қоздырғыштары, химия терапиясы, диагностикасы және иммунопрофилактикасы қарастырылған. Адам организмнің қалыпты микрофлорасы жайында түсініктер берілген.

Оқу құралы жоғары оқу орындарының студенттері мен биотехнология саласындағы мамандарға арналған.



Майкотов Н.Р., Майкотов М.Н. Тригонометриялық өрнектер және ықтималдықтар теориясының элементтері / Майкотов Н.Р., Майкотов М.Н. –Алматы: «Отан» баспасы, 2025.–80б. ISBN 9965-583-87-0

Бұл оқулықтың баяндау әдісі және тілі қазақ оқырмандарының ерекшелігіне, білім деңгейіне үйлестіріліп жазылды деп айтамыз.

Декартық координаттар және кеңістіктегі векторлар тақырыбы А.В. Погорелов кітабынан мүлдем өзгеше. Қазақ бөлімінің студенттері мен жалпы математикаға қызығатын кез келген оқырманға пайдаланатын қазақ тілінде әдебиеттер жоқтың қасы сондықтан аталған оқырмандарымызға көмегі болар деген ойдамыз.



Баймуханов Б. Развитие логического мышления учащихся в процессе обучения математике (монография)/ Б.Баймуханов, А.К.Бекболганова, А.У.Даулеткулова – Алматы: ИП «Отан»,2024.-251 с. ISBN 978-601-7860-49-3

В монографии реализован системный подход к рассмотрению проблемы развития логического мышления младших школьников, предполагающий анализ различных компонентов разрабатываемой дидактической системы.

А также в работе выделены основные особенности мышления детей этого возраста: мышление младшего школьника носит в основном конкретно-образный характер, его развитие идет от наглядно-действенного к конкретно-образному и от него к понятийному. На основе данного вывода было сделано предположение о том, что именно эти особенности мышления должны определять логику построения системы развития логического мышления младшего школьника.



Ш.Т.Таубаева, С.Т. Иманбаева, А.Е. Берикханова
Педагогика: оқулық / Таубаева Ш.Т., Иманбаева С.Т.,Берикханова А.Е. – Алматы: «Дарын», 2022.-274 б. ISBN 978-601-80921-1-4

Оқулықта болашақ мамандардың педагогикалық мамандықты игерудегі Қазақстанның әлемдік білім кеңістігіне кіріктірілудегі ұлттық және жалпы адамзаттық мәселелер қарастырылады. Болашақ маманның кәсібі құзыреттілігін, жаңа формациядағы педагог тұлғасын қалыптастыруға қойылатын негізгі талаптары мен ерекшеліктері қамтылады. Әлеуметтік-мәдени жағдайлардағы білім берудің рөлі, педагогикалық зерттеудің әдіснамалық негіздері мен әдістері, педагогикалық кәсіп пен іс-әрекеттің, педагогтың тұлғасы және оның кәсіби құзыреттілігі, үздіксіз кәсіби өсуінің факторлары қарастырылады.

Тұтас педагогикалық үдерістің құрылымы, қазіргі мектептегі білім мазмұнының ғылыми негізі, тәрбиенің мәні мен мазмұны, отбасы тәрбиесінің негіздері, оқыту формалары, әдістері мен құралдары, мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіндегі жаңашыл технологиялардың мазмұны жан-жақты

	<p>қамтылады.</p> <p>Оқулық жоғары оқу орнының студенттеріне, магистранттарға, докторанттарға және білім беру мекемелерінің қызметкерлеріне арналады.</p>
	<p>Набуова Р.А. Тәрбие жұмысының әдістемесі: оқу құралы. – Алматы: «Отан» баспасы, 2025. – 280 б. ISBN 978-601-7796-91-4</p> <p>Оқу құралы қазіргі таңдағы сынып жетекшілердің сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастыру жүйесін қалыптастыру үшін олардың тәрбие процесіне және мамандығына жағымды қатынасын, сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастыруда білім жүйесін және өздігімен білім алуын, кәсіби жеке тұлғалық сапаларын қалыптастыру бағыттарын айқындайды.</p> <p>Қазіргі таңдағы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылғы №521 бұйрығымен бекітілген тәрбие тұжырымдамасының негізінде білім беру ұйымдарында тәрбие берудің стратегиялық жоспарын әзірлеудің әдіс-тәсілдерін басшылыққа алып жұмыс жасаудың тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру жолдарын қарастырады.</p>
	<p>Бұлақбаева М.К. Педагогикалық шеберлік негіздері: оқу құралы. – Алматы: «Отан» баспасы, 2025. – 158 б. ISBN 978-601-224-044-3</p> <p>«Педагогикалық шеберлік» пәні педагог мамандығының мәнін, маңызын, заңдылықтары мен қағидаларын көрсете отырып, болашақ мұғалімдердің теориялық білімін жетілдіру және практикалық іс-әрекетін ұйымдастыру, жалпы және кәсіби мәдениетін қалыптастыруға септігін тигізеді.</p> <p>Оқу құралында педагогикалық шеберлікті меңгеру процесі қарастырылады, болашақ мұғалімді мәдениеттілікке тәрбиелеудің негіздері ашылады, педагогикалық қарым-қатынас біліктіліктерін қалыптастыруға бағытталған практикалық тапсырмалар мен жаттығулар блогы ұсынылады.</p> <p>Психологиялық-педагогикалық оқу орындары оқытушыларына және ізденушілерге арналған.</p>



P.M. АЙТЖАНОВА Н.В. МИРЗА

ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІНІҢ ПЕДАГОГИКАСЫ

Айтжанова Р.М., Мирза Н.В. Отбасы тәрбиесінің педагогикасы. – Алматы: «Отан» баспасы, 2025. – 164 б. ISBN 978-601-224-552-3

Оқу құралында отбасы педагогикасының жалпы сұрақтары қарастырылып, өмір сүру кеңістігі ретіндегі неке мен отбасының негізгі психологиялық-педагогикалық заңдылықтары қарастырылады. Өмірге адам әкелу, оның қажеттілігін өтеу, жастарды отбасын құру мен өмірге жан-жақты даярлау, яғни әлеуметтендіру, отбасы мүшелерінің толық бақытты болуына әсер ететін факторлар мен отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынасқа түсуі, Қазақстандағы отбасы тәрбиесінің ұлттық ерекшеліктері жан-жақты айқын көрсетіледі. Студенттердің өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар ұсынылады.

Беріліп отырған оқу құралы «Педагогика және психология», «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандықтарының студенттеріне, әлеуметтік және білім беру саласында қызмет ететін мамандарға арналған.



ЖУМАШЕВА Н.С.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ПЕДАГОГИКА

Жумашева Н.С. Мектепке дейінгі педагогика. – Алматы: «Отан» баспасы, 2025. – 239 б. ISBN 978-601-7796-02-0



Оқу-әдістемелік құрал 6B01201 - Педагог тәрбиеші және мектепке дейінгі білім беру әдіскері білім бағдарламасына арналған. Болашақ педагог тәрбиешілер ойын іс-әрекеті туралы мәселелерді шешуге құзыретті, әсіресе баланы еңбекке тартуға, оқу үрдісіне қызығушылығын арттыруда маңызды міндеттерді шеше білуге, ата-аналарға отбасы тәрбиесі туралы кеңес бере білуге және педагогикалық ағарту жұмыстарын насихаттауға қабілетті болуы тиіс.

Студенттерді кәсіби тұрғыдан даярлауда мектепке дейінгі педагогика мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мәселелерін егжей-тегжейлі қарауға мүмкіндік береді.

Студенттер оқу барысында тәрбиелеу мен оқытудың міндеттері мен маңызды заңдылықтарын және ойын түрлерімен танысып, жас ерекшеліктеріне қарай балалардың әр түрлі іс-әрекеттерін басқару дағдыларын меңгереді.

Оқу-әдістемелік құралдағы дәрістік материалдар мазмұны сегіз модульден тұрады. Мектепке дейінгі педагогика теориялық және практикалық тұрғыдан

	жүйелі және тереңдетіп оқытуды көздейді. Атап өту қажет, бағдарламада оқу және анықтамалық әдебиеттер ұсынылады.
	<p>Мендаяхова Қ., Тайтелиева Л.Р. Педагогика тарихы (жалпы және мектепке дейінгі): Оқулық/ Мендаяхова Қ., Тайтелиева Л.Р. – Алматы: «Отан» баспасы, 2025. – 158 б. ISBN 978-601-7860-07-3</p> <p>«Педагогика тарихы» (жалпы және мектепке дейінгі) оқулықта әр тарихи дәуірдегі тәрбиелеу, оқыту, білім беру мәселелері жан-жақты қамтылады. «Педагогика тарихы» атты оқулығы студент жастарды қоғамның дамуындағы құндылықтарды түсінуіне және өздерінің тұлғалық қасиеттерін қалыптастырып жетілдіруге ықпал етеді.</p> <p>Оқулық педагогикалық жоғары және арнаулы оқу орындарының оқытушыларына, магистранттарға, студенттерге және білім беру ісіндегі қызметкерлерге арналады.</p>
	<p>Елепбергенова А.У., Шалтабаев А.А. Білім беруде мобильді технологияларды қолдану: монография/ Елепбергенова А.У., Шалтабаев А.А. – Алматы: «Отан» баспасы, 2025. – 112 б. ISBN 978-601-216-884-6</p> <p>Монография мобильді технологиялардың педагогикалық негіздері мен заманауи ақпараттық мәдениетті анықтайды, сонымен қатар мобильді қосымша құру платформаларының мүмкіндіктерін егжей-тегжейлі сипаттайды. Мобильді қосымшаларға қойылатын талаптар айқындалып, мобильді қосымша құру әдістемесі сипатталған.</p> <p>Монография жоғары оқу орындарының оқытушыларына, «Информатика», «Ақпараттық жүйелер», «Ақпараттық жүйелер архитектурасы» білім беру бағдарламаларының білімгерлеріне арналған.</p>

 <p>Куралов А. Сакова Р. Куралов Р.</p> <p>ОТБАСЫ ПЕДАГОГИКАСЫ</p>	<p>Куралов А. Отбасы педагогикасы. Лекциялар жинағы. А. Куралов, Р. Сакова, Р. Куралов – Алматы: «Alash Book», 2024. – 276 б. ISBN 978-601-7771-7</p> <p>Бұл лекциялар жинағы студенттердің танымдық іс-әрекеттерін мақсатты түрде отбасы тәрбиесі пәнінің бағдарламалық материалдарын толық меңгеруін қамтамасыз етеді.</p> <p>Лекциялар жинағы жоғары оқу орындарының студенттеріне, магистранттарына және ғылыми ізденушілерге арналған.</p>
 <p>А.Қ. ДҮЙСЕНБАЕВ</p> <p>ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ</p>	<p>Дүйсенбаев А.Қ. Педагогикалық менеджмент. Оқу құралы. – Алматы: «Отан» баспасы, 2025. – 158 б. ISBN 978-601-7796-11-2</p> <p>Бұл оқу құралы педагогикалық менеджмент пәнінен теориялық мағлұмат беруді көздейді. Оқу құралында дәрістер, практикалық сабақтар мен өзіндік жұмыс тапсырмалары, емтихан сұрақтары, тест тапсырмалары, глоссарий, әдебиеттер тізімі берілген. Оқу құралы 5B010000 – «Білім» тобы мамандығының студенттеріне, магистранттарға арналған.</p>



Жұмабекова Ф.Н., Нұрғазиева Н.М.

Педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері: оқу құралы/ Жұмабекова Ф.Н., Нұрғазиева Н.М. – Алматы: «Отан», баспасы, 2025. – 160 б.
ISBN 978-601-7860-06-6

Аталған оқу құралында 5B012300 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандықтары бойынша педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері, зерттеудің ғылыми аппаратын құрастыру және студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарына бағыт-бағдар берілген.


Оқу құралы Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандықтарының студенттеріне, магистрант-тар мен докторанттарға және оқытушылар қауымына арналады.



Бұлақбаева М.К. Педагог мамандығына кіріспе: оқу құралы (екінші басылым). – Алматы: «Отан» баспасы, 2025. – 142 б.
ISBN 978-601-224-585-1

Оқу құралында болашақ педагог тұлғасының кәсіби маман ретінде қалыптасуына септігін тигізетін қасиеттері (шеберлігі, сөйлеу мәдениеті, әдебі, такт, құзыреттілік, эстетикасы, т.б.) олардың оқушы және ата-аналарымен жасалатын қарым-қатынас стильдері қарастырылған.

Оқу құралы педагог мамандығын таңдаған студенттерге, оқытушыларға, мектеп мұғалімдеріне арналған.

	<p>Дүйсенбаев А.Қ. Педагогика. Оқу-әдістемелік кешен. – Алматы: «Отан» баспасы, 2025. -293 б. ISBN 978-601-7796-06-8</p>
	<p>Бұл оқу-әдістемелік кешен педагогика пәні бойынша теориялық және практикалық мағлұмат беруді көздейді. Оқу-әдістемелік кешен мазмұнында дәрістер, практикалық сабақтар мен өзіндік жұмыс тапсырмалары, емтихан тапсырмалары, тест тапсырмалары, глоссарий, әдебиеттер тізімі берілген. Оқу-әдістемелік кешен 5B010000 «Білім» тобы мамандығының студенттеріне магистранттарға арналған.</p>
	<p>Қарсыбаева Р.Қ. Педагогикалық технологиялар негізінде бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру. Монография. – Алматы: «Отан», баспасы, 2025. – 150 б. ISBN 978-601-7796-44-0</p>
	<p>Монографияда педагогикалық технологиялар негізінде бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздері және әдістемесі баяндалған. Автор жан-жақты ғылыми зерттеу жұмысының және көп жылғы педагогикалық тәжірибесінің негізінде педагогикалық технологиялар негізінде бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың шарттарын, педагогикалық үрдісте педагогикалық технологияларды қолданудың құрылымдық-мазмұндық үлгісін құрастырып, оның өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлерін көрсеткен.</p> <p>Кітап педагогикалық технологиялар негізінде бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың теориясын және әдістемесін педагогикалық оқу орындарының оқытушыларына, магистранттарына, студенттерге және бастауыш мектептің мұғалімдеріне көмекші құрал бола алады.</p>


<p style="text-align: center;">САУСАҚ ОЙЫНДАРЫ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУІН ДАМУ ТӘСІЛІ РЕТІНДЕ</p> <p style="text-align: center;">Р.Е. ЖАНДИЛДИНА Г.Т. ОМАРОВА</p> 	<p>Жандилдина Р.Е. Саусақ ойындары балалардың сөйлеуін дамыту тәсілі ретінде/ Алматы: «Отан», баспасы, 2025. – 105 б. ISBN 978-601-7796-10-5</p> <p>Оқу құралында саусақ ойындары мен жаттығулар сөйлеуді дамытудың ерекше құралы болып табылады. Саусақ ойындарын қолдана отырып мәтіндерді үйрену назардың, қиялдың дамуын ынталандырады. Бала поэтикалық мәтіндерді жақсы есте сақтайды, оның сөйлеуі дәлірек және мәнерлі болады. Фольклорлық материалда жасалған саусақ ойындары кішкентай баланың дамуы үшін мүмкіндігінше тиімді. Олар мазмұнды, қызықты, дидактикалық мазмұнында сауатты.</p> <p>5B010100 «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандықтарының болашақ тәрбиешілері мен мектепке дейінгі мекеме педагогтарының кәсіби қызметінің мазмұнына сәйкестендіріліп жазылған.</p>
<p style="text-align: center;">Р.Е. ЖАНДИЛДИНА З.Т. ГАЛЫМЖАНОВА Л.Б. ИЛЬЯШЕВА</p> <hr/> <p style="text-align: center;">ЕРТЕГІЛЕР АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ</p>	<p>Жандилдина Р.Е., Галымжанова З.Т., Ильяшева Л.Б. Ертегілер арқылы балалардың тілін дамыту жолдары оқу-әдістемелік құралы: 5B010100 «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығының күндізгі (қашықтан оқу) оқу түрінің студенттері үшін. ISBN 978-601-7892-84-5</p> <p>5B010100 «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығының болашақ тәрбиешілері мен мектепке дейінгі мекеме педагогтарының кәсіби қызметінің мазмұнына сәйкестендіріліп жазылған.</p>

<p>ЖАНДИЛДИНА Р.Е.</p> <p>ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ МЕКТЕПАЛДЫ БАЛАЛАРДЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ</p> 	<p>Жандилдина Р.Е. Дидактикалық ойындар арқылы мектепалды балалардың логикалық ойлау қабілеттерін қалыптастыру. – Алматы: «Отан», 2025. – 90 б.</p> <p>Көмекші әдістемелік құрал педагогтарға баланың танымдық қабілеттіліктерін тиімді формада дамытуға көмектесу мақсатында ойындар мен жаттығулар қолдануды ұсынамыз. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен білім беру жұмыстарын ұйымдастыруға дидактикалық ойындар ұсынылған. Аталған еңбек мектепке дейінгі мекеме мен балабақша тәрбиешілеріне және ата-аналарға, мектепке дейінгі тәрбие мамандығында оқитын студенттерген арналған.</p> <p>«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандықтарының болашақ тәрбиешілері мен мектепке дейінгі мекеме педагогтарының кәсіби қызметінің мазмұнына сәйкестендіріліп жазылған.</p>
<p>ЖАНДИЛДИНА Р.Е.</p> <p>МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА ОҚУ - ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ДИАГНОСТИКАЛАУ ӘДІСТЕРІ</p>	<p>Жандилдина Р.Е. 5B010100 «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығының күндізгі (қашықтан оқу) оқу түрінің студенттері үшін оқу құралы/ Алматы: «Отан», баспасы, 2025. – 80 б. ISBN 978-601-7892-87-6</p> <p>Оқу құралында Мектепке дейінгі ұйымда оқу-тәрбие жұмысын диагностикалау әдістері тақырыптар бойынша тест тапсырмалары берілген. Әр тақырыпта мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық үрдісі мен тұлғалық қасиеттерін анықтайтын диагностикалық жаттығулар берілген. 5B010100 «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандықтарының болашақ тәрбиешілері мен мектепке дейінгі мекеме педагогтарының кәсіби қызметінің мазмұнына сәйкестендіріліп жазылған.</p>



Жандилдина Р.Е., Комарова Д.Т., Дуйсебекова А.Е. Жас ерекшелік физиологиясы және мектепке дейінгі гигиенасы: дәрістер жинағы: 5B010100– «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша оқитын студенттерге арналған. - Жандилдина Р.Е., Комарова Д.Т., Дуйсебекова А.Е./ Алматы: «Отан» баспасы, 2025. – 145 б. ISBN 978-601-7890-15-5

Дәрістер жинағында оқу процесіне қатысты және өте қажетті, маңызды мәселелер қамтылған. Тақырыптар типтік бағдарлама негізінде алынған. Рәсімделуі жоғарғы оқу орнындағы оқу процесін дұрыс ұйымдастырудағы әдістемелік нұсқауларға қойылатын талапқа сәйкес келеді. Дәрістер жинағында 5B010100 – «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша оқитын студенттерге арналған.





Жандилдина Р.Е. Мектепалды балаларының танымдық белсенділігін дамыту әдістемесі: оқу құралы/ Алматы: «Отан» баспасы, 2025. – 108 б. ISBN 978-601-336-094-2

«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығының күндізгі (қашықтан оқу) оқу түрінің студенттері үшін.

Оқу құралында мектепалды балаларының танымдық белсенділігін дамыту әдістемесі берілген.

5B010100 «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығының болашақ тәрбиешілері мен мектепке дейінгі мекеме педагогтарының кәсіби қызметінің мазмұнына сәйкестендіріліп жазылған.

 <p>Н.В. МИРЗА Р.Б. МАЖЕНОВА И.П. КАРАТАЕВА</p> <p>МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҚАРАПАЙЫМ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ</p>	<p>Мирза Н.В., Маженова Р.Б., Каратаева И.П. Мектепке дейінгі балалардың қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыру: Оқу құралы. Алматы: «Отан» баспасы, 2024. – 376 б. ISBN 978-601-7452-04-9</p> <p>Оқу құралында мектепке дейінгі балалардың қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыру әдістемесі қарастырылған. Мектепке дейінгі балалардың қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыру курсының мақсаты мектеп жасына дейінгі балалардың қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастырудың әдістемесін, барлық жас ерекшеліктерін есепке ала отырып, студенттер терең меңгеруін қамтамасыз ету; студенттерді мектепке дейінгі жас ерекшелік топтарындағы балалармен жұмысты ұйымдастыру біліктілігімен, іскерлігімен және дағдыларымен қаруландыру.</p> <p>Оқу құралы білім беру бағытындағы мамандарға, педагогика мамандығы бойынша білім алатын студенттерге, магистранттар мен докторанттарға, мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілері мен әдіскерлеріне арналған.</p>
 <p>С.Н. ЖИЕНБАЕВА К.Ж. БҰЗАУБАҚОВА</p> <p>МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ӘДІСКЕРІ ЖҰМЫСЫ</p>	<p>Жиенбаева С.Н., Бұзаубақова К.Ж. Мектепке дейінгі ұйым әдіскері жұмысы/ Оқу құралы. – Алматы: «Отан» баспасы, 2025. – 308 б. ISBN 978-601-7452-04-9</p> <p>Оқу құралында мектепке дейінгі ұйым әдіскері жұмысының ғылыми-теориялық негіздері ашылып, студенттердің білімін бағалауға арналған тест тапсырмалары және әдістемелік жұмыстардың үлгі-жоспарлары беріледі.</p> <p>«Мектепке дейінгі ұйым әдіскері жұмысы» оқулығы педагогикалық жоғары оқу орнының 5В010100 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығында оқып жатқан болашақ тәрбиешілерге арналған.</p>

	<p>Бұзаубақова К.Ж., Жиенбаева С.Н. Мектепке дейінгі білім инновациясы/ Оқу құралы. – Алматы: «Отан» баспасы, 2025. – 326 б. ISBN 978-601-7860-12-7</p> <p>Оқу құралында мектепке дейінгі білім беру жүйесінің басым бағыттары ашылып, инновациялық технологиялардың сапалық ерекшеліктері айқындалып сараланды, сондай-ақ инновациялық технологияны оқу-тәрбие процесіне ендіру жолдары ашылды.</p> <p>Оқу құралы педагогикалық жоғары оқу орнының 5В010100 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы бойынша оқып жатқан студенттерге арналады.</p>
	<p>Сарсекенова А.Ж. Мектеп жасына дейінгі балаларды табиғатпен таныстыру теориясы мен әдістемесі. – «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу (мамандығының студенттеріне арналған оқу құралы)/ Алматы: «Отан» баспасы, 2024. – 155 б. ISBN 978-601-7860-12-7</p> <p>Бұл әдістемелік құралды балаларға өздерін қоршаған ортадан табиғат туралы алғашқы ұғым бер үшін балабақша бағдарламалары, әдістердің түрлері, оқытуды ұйымдастыру формалары, табиғатқа бақылау түрлері берілген. Балалардың күнделікті өмірден көріп жүрген, бақылауларына қолайлы, көзге бірден шалынатын, танып-білулеріне жеңіл соғатын нақты заттармен, құбылыстармен таныстыру төңірегінде әдістер берілді. Айналадағы қоршаған ортамен таныстыру балалардың жас ерекшеліктеріне, психологиялық мүмкіндігіне лайықты, қызығушылықтарына сәйкес жеңіл түрде берілді.</p> <p>Ұсынылып отырған әдістемелік оқу құралы педагогикалық университеттің студенттеріне арналған.</p>

<p style="text-align: center;">Р.И. КЕНЖЕБЕКОВА Қ. МОЛДАБЕК</p> <hr style="border: 1px solid red;"/> <p style="text-align: center;">МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТА ҚАРАПАЙЫМ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ</p>	<p>Кенжебекова Р.И., Молдабек Қ. Мектепке дейінгі жаста қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыру әдістемесі.– Алматы: «Отан» баспасы, 2025. – 112 б. ISBN 978-601-7860-50-9</p>
